

ПОЭЗИЯ ТІЛІНДЕГІ ТРОПТАР

Жадырасын Дәулет Жақсымағамбетұлы,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,
филология мамандығының 1 курс магистранты, Қостанай қ.

Аннотация

Өзектілігі: Бұл мақалада троптың теориялық негізі еуропа, орыс, түркі, қазақ тіл біліміндегі еңбектерде қарастырылатыны айтылады. Троптың түрлерінің поэзияда кездесуі лингвистикалық тұрғыдан сөз болады.

Мақсаты: көркем шығармалардағы троп түрлерін жарқын мысалдармен дәлелдеу.

Түйінді сөздер: поэзия, троп, кейіптеу.

Аннотация

Актуальность: В данной статье говорится, что теоретическая основа тропа в языке поэзии рассматривается в трудах европейских, русских, тюркских, казахских языков. С лингвистической точки зрения встречается разновидности тропа в поэзии.

Цель: Доказать яркими примерами типы тропов в художественных произведениях.

Ключевые слова: поэзия, троп, олицетворение.

Abstract

Relevance: In the following article it is said that theoretical basis of trope in a language is studied in european, russian, turkic and kazakh languages. From linguistic point there are different kinds of tropes.

Goal: To prove the types of tropes in artistic works with vivid examples.

Keywords: poetry, trope, display.

Жоғары оқу орындарында көбіне әдебиет теориясына пайдаланып жүрген Г.Л.Абрамович, Л.И.Тимофеев, Г.Н.Поспелов, З.Қабдолов, Т.Кәкішевтің еңбектері. Алдыңғы үш автор әдебиет теориясының алғы шарттары, стильдерді, ағымдар мен жалпы әдеби процесі талдап-тексерудің принциптері мен методикасын қарастырады. С.Антонов Л.Тимофеевтің еңбектерінде жазылған әдеби терминдердің қысқаша сөздігінде байланыс-/завязка/, шарықтау-/кульминация/, шешім-/развязка/ деген түсініктерді сынға алған. М.Әуезовтің әйгілі «Абай жолы» эпопеясы-XX ғасырдағы Қазақ көркем сөзінің Абайдан кейінгі даму тарихында қиындықтарға қарамай өсіп, өркендей келе шырқап шынға шыққан шығарма. Көркемдік-кемеңгерлік келбеті күллі парасат әлемін таң қалдырған. Бұл ғасырлық туынды мәңгілік кітап жазушылық шеберліктің кешегі, бүгінгі және ертеңгі ең биік деңгейін белгілеп берді. Ренессанс деген осы. Әдебиеттің теориясын оның практикасымен байланыстыру –қиынның қиыны. Дегенмен әдебиет теориясын көркем әдебиеттің қазіргі практикалық жағдайынан айыра қарамауымыз шарт. Кеңес дәуірі өтті, кеңес әдебиеті сонымен бірге кетті, өйткені ол жалған әдебиет еді деп айтуға болмайды. Әр дәуірдің әдебиеті-сол дәуірдің айнасы. Сөз өнерінің өмір шындығын, келер ұрпаққа шегелеп қалдыратын күдіретті күші де осы арада жатыр. ХХІ ғасырдың әдеби дамудағы үлкен мақсаты-қазақ әдебиетшілерінің алдында тұрған қарыз бен парыз-осы. Бұл аз уақытта атқарыла қалатын шаруа емес. Бұл үшін қаламгердің іштей-сырттай біршама творчестволық түлеуі қажет. Әдебиетшінің дүниетанымында, шындыққа көзқарасында әртүрлі жаңғырулар, жаңарулар болуы қажет. Жазушылар творчестволық еркіндікке шықты дедік, тоталитарлық тәртіптің тұсауынан босанды дедік. Бірақ, өзіне қоятын биік талап пен терең талғам тәртібінен, жазылмаған заңынан ешқашан босана алмайды...

Ж.Марузоның «Лингвистикалық терминдердің сөздігінде» текстін идеялық-эстетикалық және көркемдік байлығын арттыратын мағыналық экспрессивтілігін, әсерлілігін күшейтетін троптың түрлеріне тоқталған. (1, 208) Көркем шығарма адамға өмірді танытады, адамды тәрбиелейді. Ал троп түрлері көркем шығармалардағы мағынаны әсерлеп, құбылтып адамның жадында қалуына өз ықпалын тигізеді. Адамдардың өмірге көзқарасын қалыптастырады, мінез-құлқына, тұрмыс-тіршілігіне әсер етеді. Гетенің «Теория сұрғылттау, ал өмірдің мәңгі-бақи гүл атқан өз терегінің түрі жап-жасыл»

деген қанатты сөзін еске алмасқа болмайды. Глеб Успенскийдің «Гез» деген әңгімесіне тоқталайық. Шын мағынасындағы өнер адамның көкірегіне күн орнатқандай ішкі дүниесін жайнатып, адамның мінез-құлқындағы, ұғым-нанымындағы қисаю, қайысу, майысу атаулыны тура тезге салғандай түзеп, тіктеп жіберер магиялық қасиеті терең, сұлу суреттелген. Ауыр тұрмыс еңсесін езіп, тағдыры бір уыс болған Тяпушкин деген мұғалім өзінің бай қожайындарымен бірге Парижге сапар шегіп барады. Басы мең-зең шаршаған мұғалім өздері жатқан мейманханадан шығып, сенделіп жүріп, ойда-жоқта Луврға кіріп, әлемге әйгілі Милос Венерасының алдында қалай қалшыып тұрғанын өзі аңғармай қалады. Осы статуяны көрген сәттен өзінің үлкен қуанышқа кез болғанын білді. Осынау тас жұмбаққа көз алмай қарап тұрып, өзінің осы халге қалай түскенін іздеумен болды. Бұл тас мүсіннің адам жанын құлпырту құпиясын түсіндірер сөз адам тілінде жоқ шығар. Бұл «құпия» деп отырғаны адамның өнер туындысынан алар эстетикалық әсері. Тяпушкин ғаламат сұлу сезімге бөленді, жаңалық ашты, дүние таныды, сол арқылы өзінің адамдық болмысын тәрбиеледі. Тяпушкин «тас құпиядан» жер үстінде адам болу қандай бақыт екенін ұқты, еңсесін көтеріп, көңіл-күйін көлдей шалқытып шыға келді. Өмір – өнерге көшкенде ғана өмір. Әйтпесе, бүгін бар, ертең жоқ уақытша пенде секілді өткінші. Ал өнер мәңгілік. Шын өнер мен адам арасындағы қарым-қатынас осындай.

Дәл осы шын өнер мен адамдар арасындағы қарым-қатынасты троптар арқылы поэзиядан қарастыру-мақала тақырыбының *өзектілігін* айқындайды.

Мақаланың негізгі *мақсаты* – поэзиядағы құбылған сөз әсерлілік үстіне адам баласының танымын байытатынын көркем шығармалардағымысалдармен дәлелдеу.

Осы мақсатқа жету үшін келесі *міндеттер* атқарылды:

- Тілді ажарлау аз, құбылту керек;
- Поэзиядағы троптар яғни құбылту түрлеріне бірнеше мысалдар келтіру;
- Бұл жөнінде Европаның бірнеше ғалымдарының пікірлеріне тоқталу;
- Қазақ тіл білімінің сөз құбылтуында, яғни троп түрлері жөнінде әртүрлі пікірлер бар екеніне тоқталу;

Әдеби тілдің әсемдігі ғана емес, әсерлілігі үшін де орасан қажет тәсіл – құбылту, яки троп (грекше *tropos* – иін, иірім) – сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану, шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп таныту ойды өзгертіп, кейде тіпті өңін айналдырып айту, осының бәрі ақындардың өлеңдерінен мысалдармен дәлелденді. Бұл ретте әдеби тілді ажарлау оны құбылтудың алғашқы кезеңі – ең қарапайым түрі деуге болар еді [1, 95]. Поэзиядағы троптар, яғни, құбылту түрлеріне бірнеше мысалдар келтірілді. Бұл жөнінде Европаның бірнеше ғалымдарының пікірлеріне тоқталсақ, Г.Н. Пospelов троп түрлеріне «метонимия, синекдоха, метафора, теңеу, эпитет, ирония, символ, аллегория, перифраз, кейіптеулерді» жатқызады. Л.И. Тимофеев «теңеу, эпитет, метонимия, метафора, гипербола, литота, аллегория, оксюморон, прозопопея, антономасия, синекдоха, иронияларды» жатқызады, Л.В. Чернец «метафора, метонимия, эпитет, теңеу, синекдоха, перифраз, символ, аллегория, ирония, кейіптеу, оксюморондарды» жатқызады, ал Х.Н. Садыков «теңеу, эпитет, метафора, метонимия, кейіптеу, синекдоха, гипербола, литота, аллегорияларды» жатқызған [2, 63].

Ал қазақ тіл білімінің сөз құбылтуын зерттеген Қ.Жұмалиев, Р.Сыздықова, З.Қабдолов, З.Ахметов, С. Негимов т.б. көптеген ғалымдарымыздың еңбектерінде де троп түрлері жөнінде әртүрлі пікірлер бар екенін айтады.

Задында, суреткер қолындағы сөз суретші қолындағы бояу секілді, иінін тауып мың құбылтуға болады. Сондықтан жоғарыда аталған және басқа ғалымдардың пікірлерін жокқа шығарудан аулақпыз. Құбылған сөз әсерлілік үстіне адам баласының танымын байытпақ; бір сөз бір-ақ нәрсені танытса, оны түрлендіре құбылту арқылы тіршіліктің сан алуан сырын тануға болады. Демек, троптың ең басты мәні таным тарапында жатыр. Өмірде мақсатсыз ешбір әрекет жоқ. Мұны білген жағдайда ажарлау секілді құбыл-

ту да суреткердің идеялық мақсатына, эстетикалық мұратына қызмет ететін тәсіл екенін тәптіштеп жату артық. Құбылудың (троптың) түрлері көп. Әдеби тілдегі ең басты құбылтулардың бірі – ауыстыру, яки м е т а ф о р а (грекше метарпога – көшіру) – сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау; сөйтіп, суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту.

*Қыр төсінде мөлдір айдын – ақ сынап,
Жиегінде жасыл кірпік -жас құрақ. (Ә. Сәрсенбаев.)
Әйнегі – күн, шатыры – аспан,
Кең дала... Төсі – толқыған егін.
Көлдері көкке күмістер шашқан,
Қазақстан – Республикам менің! (Д. Әбілев.)*

Бұл мысалдардағы ауыстырулар (ақ сынап, жасыл кірпік) қырдағы айдын көл мен бала құраққа айрықша сұлу сымбат бітірген. Келесі мысалдағы метафоралар ап-ашық әсірелеумен ұштастырылып, жер мен көктен, күн мен көлден тұтасқан асыңқы бейне жасаған да, ақынның туған республикаға деген махаббаттына, мақтаныш сезіміне өзгеше ажар берген. Жоғарыда біз бір сөздің ретінде ауыстырудың ұлғайған, күрделі түрі болатынын атап өткенбіз. Күрделі метафора жасаудағы мақсат та – сөзді құбылту арқылы ұғымды тереңдету; ой образын үстемелей, өсіре келе оның әсерін күшейту.

*Хан-қабан халық құлағын бұрап тұрған.
Бүйі-би билеп-төстеп сұрап тұрған. (І.Ж.14б.)*

Атау тұлғасындағы зат есімдерден/хан-қабан, би-бүйі/метафоралары жасалған. Халықты қанаушы үстем тап өкілдері хан мен билерге бұқаралық көзқарас тұрғысынан қарап, хан-қабан, би-бүйі метафораларын қолдану арқылы, елді озық мәдениетті, жоғары дамыған тәуелсіз мемлекет деңгейіне көтерудің орнына, қолдағы билікті байыған сайын байи түсуге пайдаланып жүрген атқа мінгендердің образын дәл жасаған.

1964 жылдың жазында Алматының, күншығысындағы тау үстінде көз жасындай мөлдіреп жататын атақты сұлу-Есік көлі қас пен көздің арасында жоқ болды. Осы оқиғаға Қ.Шаңғытбаев мынадай әдемі өлең жазды:

*Күйдірген хан мен қазыңды, Жоғалды алтын балдағым,
Күндеген талай патшалар, Салып ем көзін лағылдан,
Ұрлаттым гауһар тәжімді! Қапа боп жанды қармадым!
Қай жақтан табам, бәтшағар? Қақты екен қандай қағынған?
Күл-талқан болды шар айнам “Есік” деп жазған бар
Інжуден еді жиегі, таңбам, –
Сұқтанған еді-ау талай жан! Көрдіңдер қайсы ой-қырдан?
Өзегім от боп күйеді. Пері боп ұшты шашығым,
Дертіне дәт қып төзбедім,
Арылдым алтын алқамнан Есігім- есіл асылым,
Жақұтпен үзіп, ойдырған. Түскендей ағып көздерім.. (Қ. Шаңғытбаев.)*

Осы өлеңдегі оқыған адамның жан-жүрегі жұлқып-жұлқып қалатын күш пен әсер, ақын сәтті іздеп тапқан сұлу метафораларда жатыр. Әр шумақ Есіктің өзі емес, әр түрлі балауын баптайды да жоқтайды: патшалар кие алмаған гауһар тәж бен лағыл көз алтын балдақтан, жиегі інжу шар айна мен жақұттан үзіп ойдырған алтын алқадан айырлу, шынында да, адамның іші күйгендей оқиға. Осының бәрін ақын сіздің ойыңызға ұлғайған метафоралар арқылы ұялата келіп, ең соңында «Есігім- есіл асылым, түскендей ағып көздерім», – деп зар илегенде сіз де амалсыз аһ ұра жаздайсыз...

Енді мына шығармаға тоқталайық: Мәселен, Горькийдің атақты «Дауылпаз туралы жырында» кәдімгі жай ғана жаратылыс құбылыстарына тура тірі кісінің мінезі, қылығы, әрекеті беріле – жансыз табиғат жандандырыла суреттеледі: қанатымен толқынды жанап, енді бірде оқтай зымырап бұлтқа еніп, саңқ-саңқ еткен Дауылпаздың қимылы ештеңе емес-ау, тіпті «құс даусынан бұлттар шаттық үнін еститінін... бұлттар төмен сусып, теңізге қонақтайтынын, ән салатынын» қайтерсің? Ал мынаған тоқталсақ:

«Әуе дауылы толқындар тобын балуан құшағына қысып алып, айбарлы ашумен жар-тасқа лақтырады, тау тұлғалы асқар толқындарды шаңдай шашып, тозаңдай тоздырады». Қысқасы, бұл шығармада жансыз табиғат құбылысы кәдімгі тірі кісінің қылығымен ауыстырыла суреттелген. Құбылтудың (троптың) мұндай түрі-к е й і п т е у (грекше prosoporeia, орысша олицетворение). Абайдың Лермонтовтан аударған «Теректің сыйы» деген өлеңіндегі бейнелеу тәсілі – түп-түгел кейіптеу: асау теректің долдануы, буырқануы, бұйра толқынның айдаһардай бүктелуі, Кавказдан азан-қазан, у-шу арқырап шыға бере қалың қайратын бойына жасырып, беті күле момынси қалуы – бәрі де өзен емес, адам мінезіне ұқсайды. Енді бірде Терек Каспиге келіп:

*-Аптығып асау інің келді, ақсақал,
Тау, тасқа, адамзатқа салып жанжал.
Дем алайын деп келдім, аш қойныңды,
Сәлем-сауқат әкелдім, қош көріп ал, –*

деп айна-қатесіз адамша саудырап сөйлеп тұрса, қартаң Қаспий, қалғыған қалпы, анау әкелген «бұғы мен маралға, адамнан тартып алған көп малға, ер-тоқымы, атымен, қаруымен тұтқындап әкелген ер шеркеске»... – біріне риза болмай ма, кім білсін», өзін де ашпайды, тіл де қатпайды. Амалы құрыған Терек ақырында:

*Азырқандың, білемін, ақсақал шал,
Тентегіңнің сөзіне құлағың, сал.
Қазақ-орыс қатыны бір сұлуды
Әкеліп ем, қайтейін, оны-дағы ал! –*

деп бағанадан бері қимай тұрған аяулы асылын ұсынғанда ғана:

*Кәрі Каспий қара көк көзін ашты,
Жылы жүзбен Терекке амандасты...*

Каспидің, Абайша айтқанда, «жыбыр қағып, қозғалып, сылқ-сылқ күлген» шайтан шалдың одан арғы қылығы мен қимылы да – аумаған адамның мінезі мен әрекеті-кермет кейіптеу.

Кейіптеу-қазіргі әдеби туындыларымызды да құбылта, құлпырта қолданылып келе жатқан әдемі тәсіл:

*Балқытып гүлді деміне, Қызғаншақ қыс келді де,
Сүйді жаз әбден беріле: Сілтеді суық қанжарын.
Әкетпек еді ұзатып, Жас жігіт қыршын өлді де,
Өзінің жылы жеріне..., Қалдырып кетті жан жарын.(Ә. Тәжібаев.)
Жолшы қазақ -сол қазақ Жұлқылайды етекпен
Кете берді тепеңдеп, Құлағына сарнайды;
Сол қазақты жел мазақ. Кейде алдынан жетектеп,
Ете берсем екен деп; Кейде артынан қалмайды. (Х. Ерғалиев.)*

Алдыңғы шумақта Ә.Тәжібаев әдеттегі қыс пен жазға әдеттен тыс мінез бен әрекет беріп, жансызға жан сала суреттеу арқылы ойды биік философияға көтеріп әкеткен болса, кейінгі шумақта Х.Ерғалиев Бетпақтың беймаза желін құдды тірі кісідей құбылтып, оған қызық-қызық қылықтар жасату арқылы өзі суреттеп отырған шындыққа тағы бір тың шырай береді.

Кейіптеу-ертегілер мен аңыз әңгімелерде жиі қолданылатын тәсіл. Ал мысал өлеңдердегі құбылту, көбіне, пернелеу, яки аллегория (грекше allegoria – пернелеп айту) түрінде келеді. Мұнда әшейін ұғым қалпында тұрған дерексіз нәрселер кәдімгідей көзге көрінер деректі нәрсеге ауыстырылады [3,75]. Айталық, қулық, зорлық, қастық, секілді жалпылама ұғымдарды дәл осы қалпында түсінуге болғанмен, көзбен көру қиын. Осыларды С.Дөнентаев өзінің «Ауырған арыстан» деген аллегориялы өлеңінде қолға ұстатқандай деректі нәрселерге көшіреді: аң патшасы Арыстан ауыра қалған екен, аң, атаулы түгел жиылып көңіл сұрап барғанда, ішінде Түлкі қу жоқ боп шығады да, оны қара көңіл Қасқыр зорлықшыл Арыстанға қастандықпен хабарлап қояды. Кейін Түлкі келгенде, әрине, Арыстан ашуланады. Бұл сырды түсіне қалған қу Түлкі аяқ астынан айла тауып, Арыстан секілді өзінің де «ауырып» қалғанын, одан әйтеуір Қас-

қырдың артқы аяғының сіңірін қиып жеп, әрең «жазылғанын» айтады, Арыстан ашуды қойып, өктемдігіне көшеді де, дереу Қасқырды шақыртып алып, сіңірін қияды... Бұл өлеңде қулық – Түлкі, зорлық – Арыстан, қастық – Қасқыр бейнелеріне көшіріліп, пернеленіп көрсетілген.

Әдебиет тарихына қарап отырсақ, пернелеу арқылы дерексіздік деректілікке көшіріліп қана қоймаған, қызық аллегориялық образдар жасалғанын көреміз. Мысалы, Данте жазған әйгілі «Тәңірінің тәлкегінде» арыстан, тағы мысық, қаншық қасқыр тәрізді аңдар арқылы адамға тән әр түрлі құштарлықтар пернеленіп қана қоймайды, кәдімгі көркем образдар жасалады. Қазақтың ауыз әдебиетіндегі өтірік өлеңдерде бейнеленетін тұлғалар түгелімен – аллегориялық образдар.

Осымен байланысты көріктеу құралдарын қолдана отырып, дәстүрлік тілдік норманы сақтаудың, әсіресе тілдің лексика-грамматикалық құрылымы мен жүйесін дұрыс қолдануға да айрықша мән беріледі. Бұл ретте тілдік бірліктердің мағынасы мен қызметін, өзара байланысын жан-жақты талдап, тереңірек барлай түсу, ерекше белгілерін дәл көрсетіп айқындап беру, көріктеу құралдарын орнымен қолдану, авторлардың алдында тұрған аса келелі міндеттердің бірі болып табылады.

Аталмыш салада арнаулы зерттеулер жүргізілгенімен, бұл мәселе түбегейлі шешілді, оған қатысты мәселелер түгелдей айтылып, жазылып болды деуден аулақпыз. Бұл салада әлі де болса арнайы қаралатын мәселелер жеткілікті. Солардың бірі – көріктеу құралдарын орнымен қолдану.

Поэзия тіліндегі арнайы сөз болған осы мәселенің, яғни көріктеу құралдарының барлық сөз табынан қалай жасалатындығы және олардың өзара тіркесу қабілеті, табиғи жолдары, кезеңдерін рет-ретімен дәлелдеуге тырыстық.

Қазақ әдеби тілін, поэзия тілін қалыптастырушы сөз зергерлерінде бұрыннан бар және тілдік қарым-қатынаста кәдеге жарап, айтылар ойдың мән-мағынасын тартымды түсіндіруде орны бар осы тақырыпты дәлелдейтін кейбір мағыналы-мәнді өлең жолдары мысалға алынып, талданды. Сондықтан көркем әдебиет тілін, поэзия тілін көріктендіруде, сапасын көтеруде, троптар, яғни көріктеу құралдары арқылы жасалған сөз байланыстарының тіл білімінде орны бар мәселе екенін дәлелдеуге тырыстық.

Тіл мен қоғам арасындағы байланыс та авторлар тілінен көрініс табатынын ескерген жөн /5-78/.

Мақаламызды *қорытындылай* келе, осы үзінділердегі құбылтулар авторлар тіліне де, кейіпкерлер сөзіне де әжептәуір нәр беріп, ойнақы өң бітіріп, кәдімгідей құбылтып әкеткенін байқаймыз. Ығысын тауып, ыңғайымен қолданған жағдайда құбылтудың басқа түрлері де әдеби тілді осындай эп-әсем ажарлауы даусыз. Троп туралы ілімнің поэзия ішінде қалыптасу ерекшелігін айқындау, даму бағыттарын саралау, әлемдік лингвистиканың концептуалды тұжырымдарымен сабақтастығын, өзіндік үлесін талдау қажеттігі сол байланыстың уәжді жалғасы болып табылады.

Ақын-жазушының шеберлігі туралы сөз болғанда, көріктеу құралдары көңіл аудартпай қоймайды. Дәлелдеу үшін өлең өрімдерінен мысалдар келтіріп, оларға жан-жақты талдау жасауға тырыстық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қайыпбаева А. «Поэзия тіліндегі перифраздар» мақала – Қостанай; А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, 31; intellect, idea, innovation-интеллект, идея, инновация 2010 ж., тамыз №3. – 203 б.
2. Ә. Қайдар «Тіл білімінің өзекті мәселелері», 1998 ж. «Ғылым басапасы». 302 бет.
3. Мақтым Шәбжантайқызы «Әдебиет теориясы – көркемсөз ғылымының айнасы». Көкшетау, 2002. – 186 б.
4. Қабдолов З. «Сөз өнері» – Алматы: «Санат», 2002. – 360 б.
5. Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика: оқу құралы/Мәтін/.